

«№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ
2020- 2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі

Тәрбие жүйесінің мақсаты:

Жастардың бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, Мемлекеттік рәміздерді құрметтейтін, халық дәстүрлерін дәріптейтін, намысшыл, дені сау ұлттық сана сезімі оянған рухани тәрбиесі биік, мәдени парасатты, еңбекқор, іскер бойындағы игі қасиеттер қалыптасқан адам тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру моделін жасап іске асыру.
2. Оқушыларда жалпы адамзаттық ұлттық құндылықтармен субъективтік-жалпы білімдік құзыреттіліктерді дамыту.
3. Рухани-адамгершілік құндылықтармен әлеуметтендіру мәселелеріне деген бірыңғай әдіс-тәсілдерді әзірлеу:
4. Кешенді патриоттық, саяси құқықтық экономикалық, талғам мәдениетін отбасындағы мәдениетті қалыптастыратын тәрбие беру арқылы тәрбие жүйесін дамыту:
5. Тәрбиесі қиын балалармен жұмысты жетілдіру, жалпы балаларға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету, құқықтық білімдерін дамыту:
6. Ата-ана мен жұмыста мектеп-мұғалім- оқушы- ата- ана тәрбие жүйесін одан әрі жетілдіру:
7. Оқушылардың денсаулығын нығайту салауатты өмір сүру дәрежесімен мүмкіншілігін жетілдіруге арналған жұмыс жоспарын одан әрі нығайту:
8. Оқушыларға кәсіби бағдар беру, «Болашақ маман» орталығын құруға бағытталған жұмыстарды күрделендіру.
9. Биылғы оқу жылында 8 бағыттың ішінде өзгешелікті нақтылай отырып, коммуникативті, ізгілендіру, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тану бағытын жандандыру:
10. Отбасы бағыты бойынша жұмысты күрделендіре ата-анаға қарай бағыттап отырып жұмыс жасау:

Тәрбиенің мазмұны: Адамгершілік, имандылық, ізгілік, патриотшыл, елжанды.

Тәрбиенің негізі: Ұлттық тәлім- тәрбие.

Тәрбиенің әдістері:Талап, болашаққа ұмтылу, мадақтау және жазалау, қоғамдық пікір, рефлексия (өзіне-өзі сын көзбен қарау)

Тәрбиенің тәсілдері:Ұжымдық- шығармашылық тәсілдер, топтық іс-әрекет, жеке әдістер

Тәрбиенің құралдары: Оқу, еңбек, қатынас, сөз, өнер, спорт, ойын, әлеуметтік орта

Тәрбиенің нәтижесі: Оқушылардың тәрбиелік деңгейін зерттеу және дамыту, тәрбиеші педагогтың мәдениеті мен шеберлігі.

Қазақ халқының тәлім тәрбиелік мұрасы- мәдениеттің құнды бөлігі екені тәрбие іс-шараларынан аңғарылады.

Осы мектепте тәрбие ісі қалай ұйымдастырылады?

Тәрбие тұжырымдамасы жасалады.

Тәрбие жөніндегі орынбасар өз жұмысын кешенді бағдарламаны, әр жылдар бойынша берілген жоспар, концепцияны басшылыққа алады.

Сынып жетекшілермен және сынып жетекшілердің әдіс бірлестігі жетекшілерімен нақты істер кестесі құрылады.

Сынып жетекшілер бірлестігі қалыптасқан, және жоспарға сай сынып жетекшілермен бірлесе жұмыс атқарады. Оқушылармен қоғамдық ұйымдармен жұмыс жүйесі қалыптасқан. Ата-аналармен жұмыс жүйесі қалыптасқан.

Танымдық, бағыттылық, қоғамдық, көркемдік, құндылық мүмкіндіктерін қабілеттерін зерттеуге арналған диагностика жүйесі.

Әр сатыдағы мектеп түлектері моделін құру жүйесі.

Қосымша білім беру жүйесін құруды ұйымдастыру.

Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру.

Әр сатыдағы мектеп түлектерінің моделінің жұмысын одан әрі нығайту.

Бұл үш сатыдан тұрады. Әр сатының жұмыс жоспары өте жанданған түрде жүргізіледі және жыл сайын өзгеріп жаңарып отырады.

Құндылық потенциалы - оқушы бойына білімді, оқу арқылы жинайды.

Танымдық потенциал оқушының психологиялық, физиологиялық сипаттамасына сәйкес білімдері, мен икемдері дағдыларын қалыптастыру.

Шығармашылық потенциалы - өзінің және жеке жолдастарының еңбегін әділ бағалау икемдері, өз әрекетін талдау икемдерін қалыптастыру. Коммуникативтік потенциал-құрбылармен және өзінен үлкен кісілермен қарым-қатынас орната білуі.

Оқушының жас ерекшеліктеріне байланысты, бастауыш буын, орта буын, жоғары буын оқушыларының моделі және оған байланысты жұмыстары ерекше бағаланады.

Биылғы 2020-2021 оқу жылында мектеп тәрбие жүйесі 8 бағытта жүрді. Олар:

1. Қазақстандық патриотизм, азаматтық, құқықтық тәрбиесі
2. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
3. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие
4. Ұлттық тәрбие
5. Рухани-адамгершілік тәрбиесі.
6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі.
7. Адамгершілік және жыныстық қарым-қатынас
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Осы әр бағыттың мақсат міндеттері бар. Сонымен бірге әр бағытқа арналып іс-шаралар жасалып, папкалар арналған. Бұдан басқа Жолда жүру, Дін экстремизм, ата-анамен жұмыс, ата-ана комитеті мен жұмыс жоспарлары жасалып оның оқушы және ата-аналар тарапынан пәрменді жұмыс істеуі жолға қойылған. Жалпы тәрбие жұмысы мынандай технологиялық әдістемелерді басшылыққа алады. Олар. Ұжым мен жұмыс, жеке дара жұмыс, белсенділер тобымен жұмыс, ата-аналар мен жұмыс, сонымен бірге

ұлдар мектебі және қыздар мектебі , нашақорлықтың алдын-алу, АҚТҚ және ЖҚТБ жұмыстары, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі жоспарға сай жұмыс істейді. Мектеп тәрбие жұмысын жасау кезінде аптаның әр күні белгіленген. Жыл бойында денсаулық күндері, түрлі тақырыптардағы акциялар, мектеп ішілік және қалалық үгіт топтар насихат топтарының жұмыстары, әр түрлі спорт жарыстары, дін, адамгершілік, рухани қарым-қатынас, сыни тұрғысынан ойлау, саяси-хабарлар, әлеуметтік, салауттылық бағыттары тақырыбындағы жұмыстар, кештер, жарнамалық , сахналық, ән сайыстар, флеш-мобтар, газеттер байқауы, палакаттар байқауы, спорттық жарыстар, т.б іс-шаралар өткізуге қолайлы жағдайлар жасалған.

1. Қазақстандық патриотизм, азаматтық , құқықтық тәрбиесі

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай 2-4 сыныптар арасында "Ардың шыңы - Ата Заң" тақырыбында қашықтықтан сурет салу сайысы ұйымдастырылды. Сайыста оқушылар ата-аналарының көмегімен салынған суреттерінде Ата Заң Тәуелсіздігіміздің ажырамас бөлігі, қоғамымыздағы тұрақтылықтың кепілі болып табылатындығын айқындап суретке түсірді.

Білім күніне орай 5-11 сыныптар үшін қашықтықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы, Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мерекелік даталары тақырыптары аясында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттары барысында оқушыларға денсаулықты сақтай отыра, білімнен қол үзбеуге, тәрбиелі болуына, әлеуеттенуіне, күнделікті оқу режимін сақтауға, жеке бас гигиенасы талаптарын қатаң ұстануға бағытталған түсіндірмелер айтылды.

Әсем қаламыз Сәтбаев қаласының туған күніне орай 3 сынып оқушылары арасында "Жарқырай бер, менің қалам" атты қашықтықтан өз қалауы бойынша сүйікті қаламызға арнап әртүрлі жеміс, көкөністерден экибана жасау сайысы ұйымдастырылды. Сайыста оқушылар үйде отырып түрлі жемістер мен көкөністерден бейнелер жасады.

Әсем қаламыздың туған күніне орай 5-6 сыныптар арасында "Менің сүйікті қалам" тақырыбында фотоколлаж байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар қаламыздың көрікті жерлерін фотоға түсіріп, әдемі коллаж жасап ұсынды.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай мектеп оқушылары Елбасы туралы бейнефильмдерді тамашалады.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай кезекші сынып оқушылары үшін "Менің тұңғыш Президентім" тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында оқушыларға тұңғыш Елбасымыздың өмірбаяны мен жүрген жолы жайында бейнебаяндар мен ақпараттар берілді.

30 қараша күні "Сәтбаев қаласының ономастикалық келбеті" таныстырылым (презентация) байқауы өтті. Мақсаты: тәуелсіз мемлекетіміздің сипатын білдіретін, ұлттық тарихымызды айшықтайтын атаулар арқылы ұлттық ономастикалық кеңістікті қалыптастыру, ұрпақты

ұлттық рухта тәрбиелеу, жастардың санасында елдік пен елдік дәстүрлерін қалыптастыру. Байқауға 9"А" сынып оқушысы Сембетов Әлібек қатысып, "Белсенді қатысушы" номинациясын және естелік сыйлық алды.

ҚР Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында "Тәуелсіздік ел бақыты" тақырыбында қашықтықтан бастауыш сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында Желтоқсан оқиғасы мен Тәуелсіздік жайында бейнебаяндар көрсетіліп, оқушыларға ақпараттар берілді.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған "Мен-патриот" қалалық үгіт-насихат сайысынан мектебіміз жүлделі Іорын алды.

ҚР Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 3-сынып оқушылары арасында қашықтықтан "Тәуелсіздік - тұғырым" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайыста оқушылар Тәуелсіздік жырларын мәнерлеп, нақышында оқып берді. Сайысты ұйымдастыру мақсаты: жас өскелең ұрпаққа Отанын сүйуге тәрбиелеу, патриот болуға баулу. Сайыс қорытындысы мен шешімін мектеп әкімшілігі шығарды.

ҚР Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жоғары сынып оқушылар арасында "Тәуелсіздікке қосқан үлесім" тақырыбында жетістіктер презентациясы ұйымдастырылды. Презентация жасауға қатысқан мектебіміздегі 8-11 сынып белсенділері.Өздерінің жетістіктерін мақтан етіп, презентациялар жасады.Презентацияда қаралды:

1. Сынып белсенділері өздерінің жетістіктері жайында суреттерін салу
2. Өмірлік ұстанымы
3. Алға қойған мақсаттары
- 4.Сүйіп оқитын әдебиеттері
5. Арманы
6. Таңдаған мамандығы

25.01.2021. «Өнегелі өмір»облыстық жоба аясында «Ауылына қарап азаматын таны» сыр-сұхбат

Облыстық «Өнегелі өмір» жоба аясында бүгін мектебімізде мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, кәсіпкер Еңсебаев Әбутәліп Өтеғалиұлымен «Ауылына қарап азаматын таны» атты сыр-сұхбат өткізілді. Басты мақсаты: Жастарға аға буынның тағылымды жолын үлгі ету, оқушылардың жанына жақын мамандығын, кәсібін табуына ықпал ету. Табысқа жеткен тұлғалардың көмегімен бағыт-бағдар беру. Кездесу басталмас бұрын Әбутәліп Өтеғалиұлы мектеп өмірімен танысып, мектебіміздегі Ш.Б. Бейсенбекқызы атындағы "Мектеп шежіресі" мұражайы мен Қ.И.Сәтбаев атындағы мұражайға саяхат жасады. "Робототехника", "Интеллектум" кабинеттерін аралап, мектеп тынысымен танысты. Кездесу барысында еңбек майданында қайнаған қажырлы ағамыздың қайратын жас жеткіншектерге үлгі ету біздің міндетіміз деп санап, еңселі еңбегімен танылған ағамыздың жылы лебізін, өзі туралы жақсы әңгімелерін естіген мектеп оқушылары кездесуден жақсы әсер алды.

2 ақпан. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30-жылдығына арғалған "Тәуелсіздік кинолентасы!" балалар киносының қалалық

фестивалінің "Телевизиялық сюжет" номинациясына арналған видеоны қарсы алыңыздар

авторы: 9ә сынып оқушылары: Мұратбек Меруана, Дутбаева Ақбота, Жолдыбай Назым

жетекшілері: Икишева Айгерим Ерболовна, Байгенжинова Жулдыз Кабланбеккызы

Мектеп директоры Г.Г.Жунусова кеш қонағын құттықтап, шараға келген қонаққа алғыс білдірді. Іс-шараға Ауған соғысының ардагері Е.С.Джанкелдиев шақырылды. Кеңес сарбаздарының Ауған жерінен қайтып оралғандарына 32 жыл өтті. Жас жеткіншектер соғыс майданына аттанып, соғыс ардагерлері болып оралды. Бүгінде осы ардагерлеріміз Ауған жерінде болған сұм соғыстың қиын-қыстау кезеңдерін, ерлік пен даңқты батыр-қаһармандары туралы естелік айтушы тұлғаларымыз. Ауған соғысы ардагерлері ҰОС жылдарындағы фашизмді жеңген қаһарман ата – бабаларымыздың ерен ерлігін екінші мәрте қайталады. Шараға қатысқан қонағымыз ерлігі туралы баяндап, жастарды өз Отанын сүйуге, жаудан қорғауға, өз елінің патриоты болуға шақырды.

"Сәтбаев қаласы білім бөлімі" ММ бастамасымен 7 мамыр "Отан Қорғаушылар" күніне орай өтіп жатқан "Жас сарбаздар сап түзейді" құттықтау челленджін №27 жалпы білім беретін мектептің "Жас Қыран" әскери патриоттық клубының сарбаздары №4 Абай атындағы мектеп лицейінің "Сұңқар" әскери патриоттық клубының сарбаздарынан қабыл алып, челленджді № 15 жалпы білім беретін мектебінің "Сұңқар" әскери патриоттық клубына жолданды.

Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы және 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 76 жылдығына орай 9 сыныптар қатысуымен Қ.Аманжоловтың «Сағыныш» көрінісі көрсетілді. Жетекшілері: Казанбаева Гулназия Шахмұратовна, Биханова Кымбат Кайрлбаевна

Бүгін, 25 мамыр күні, мектебімізде «Сәт сапар, жас түлек» атты мектеп түлектерінің соңғы қоңырау салтанатты жиыны ұйымдастырылды. «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны мектеп ауласында өткізілді. Алғашқы құттықтау сөзі мектеп директорының міндетін атқарушы А.А.Тажибаева, келесі құттықтау сөздерін алғашқы ұстаздары Сермағанбетова Жанна мен Айтқалиева Тәттігүлге, ата-аналардың атынан Жакубаева Бейбігүл мен Құлашев Бекенге сөз беріліп, жылы лебіздері мен ізгі тілектері тыңдалды. Сынып жетекшілері оқушыларға номинациялар ұсынды. Келесі кезекте Мектеп түлектері өздерінен кейінгі өсіп келе жатқан іні-сіңілдеріне өсиеттерін оқып, аманатын тапсырды. Осыдан кейін, мектеп түлектері үшін асыға күткен соңғы қоңыраудың әсем сазы, жүректі дір еткізер үні естілді. Биыл мектебімізде 31 түлек мектепті бітіргелі отыр, оның ішінде екі оқушымыз Мырзакарина Назерке мен Кушенова Жақсыгүл «Үздік аттестат» иегеріне үміткер. Мектеп түлектеріне сәт сапар тілейміз!

2.Отбасы тәрбиесі

Қазақстандағы Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде "Отбасым- бақыт мекенім" атты республикалық апталық аясында мектебіміздің оқушылары арасында қашықтықтан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата - ана. Бала үшін үй ішінен, ата - анадан артық тәрбиеші жоқ. Апталық аясында отбасындағы құндылықтарды дәріптейтін 2-сынып оқушылары арасында "Мен отбасымды мақтан тұтамын" атты отбасылық таныстырылым өтті. Оқушылар видеотаныстырылымда өздерінің отбасыларының ең бақытты сәттерін айтып берді.

Қазақстандағы Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде "Отбасым- бақыт мекенім" атты республикалық апталық аясында мектебіміздің оқушылары арасында қашықтықтан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. 3-сынып оқушылар арасында "Анаммен бір күн" атты таныстырылымын ұсынды.

Сіздерге "Бір отбасы - бір кітап" акциясының бастау алғанын хабарлаймыз!

Акцияның мақсаты – жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту болып табылады.

Акция барысында сіздерге қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдығына орай ұлы ақынның шығармаларын оқып, талқылау ұсынылады.

1 маусым «Бақытты бала - бақытты ел» Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған Республикалық акцияны өткізу күніне орай «Отбасында өмір сүру бақыты» коллаж жасау ұйымдастырылды

15-мамыр Халықаралық отбасы күніне орай отбасы құндылықтарды дәріптейтін "Менің отбасым", "Менің сүйікті отбасым" тақырыбында отбасылық таныстырылымдарды тарту етеміз.

3.Рухани-адамгершілік тәрбиесі.

Тәрбиелі ұлт, дамыған ұлт өз қариясын сыйлап, үлгі тұтқан және мол тәжірибесінен тәлім алған. «Қариясы бардың – қазынасы бар» деген сөз де бекер айтылмаған. Ұстаздар күні қарсаңында "Балдәурен" әдіс бірлестігінің ұстаздары ардагер ұстаздар қауымын айтулы мерекемен құттықтап үйлеріне барды. Ардагер ұстаздарды құттықтай отырып, тұрғын үй жайларына соғу барысында, естелік сыйлықтар жасады. Ұстаздар мерекесі құтты болсын!!!

28 қыркүйек күні мектебімізде Сәтбаев қаласы "Оқушылар сарайы" КММ жоспарына сәйкес «Жас Ұлан» ББЖҰ- ның 1 қазан «Қарттар күніне» арналған «Қарттарым — асыл қазынам» атты 7 және 9 сыныптарында онлайн презентация көрсетілімі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды қарттарды

құрметтеуге шақыру, үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу. 9Б сынып оқушылары (бұл суретте Ермек Ақжүністің әжесі) видеоқұттықтау жолдады.

Тәрбиелі ұлт, дамыған ұлт өз қариясын сыйлап, үлгі тұтқан және мол тәжірибесінен тәлім алған. «Қариясы бардың – қазынасы бар» деген сөз де бекер айтылмаған. 1 қазан Қарттар күні қарсаңында мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары ардагер ұстаздар қауымын айтулы мерекемен құттықтап үйлеріне барды. Оқушылар қарт ұстаздарды келе жатқан Ұстаздар мерекесімен құттықтады.

Ардагер ұстаздарды құттықтай отырып, тұрғын үй жайларына соғу барысында, естелік сыйлықтар жасады. Бұл кездесудің маңыздылығы барша қарттарымызды, өсіп келе жатқан буындарымызға құрметтеу болып табылды. Ұстаздар мен оқушылар қарт ұстаздардың батасы мен ризашылығын алды.

18 қазан Рухани келісім күні аясында өтетін қайырымдылық акциясында тұрмыстық жағдайы төмен, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек беру жоспарланды.

Қайырымдылық акциясы аясында көмек берілген әлеуметтік жағдайы өте төмен, аз қамтылған отбасыларының бірі- Совенко отбасысы. Отбасының анасы мүгедек, жұмыссыз, әкесі қайтыс болған. Оқушылар қала сыртындағы саяжайдан қатынап оқиды. Отбасыға көмек ретінде тұстаздардың, ата-аналардың, еріктілердің өз қалауларымен 207000 теңге көлемінде қаржы жиналды. Жиналған қаржыға қажетті азық-түлік, балаларына киім-кешек, тоңазытқыш пен электрпеш алып, анасына табыс етілді. «Балдәурен» әдіс бірлестігінің ұстаздарының ұйымдастыруымен аталған отбасыға 5 тонна көлемінде көмір түсірілді.

Жанашыр жандар қол көмектерін де аямады. Мектебіміздің ер мұғалімдері қысқа дайындау барысында Совенко Галина Владимировнаның үйінің терезелерін қымтап, қыстық отын ағаштарын жарып берді.

Осындай игі шаралар мектебімізде алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдеміз. Қайырымдылық ісі әлі де жалғаспақ.

ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылдығына «30 қайырымды іс» акциясында мектеп әлеуметтік педагогы Нурова А.М. және аға тәлімгер Байгенжинова Ж.К. ұйымдастыруымен мектеп оқушыларынан құралған еріктілер тобы мектебімізде сан жылдар бойы қызмет еткен Дүтбаев Досым мен Джундибаева Дженис ардагер ұстаздардың үйінің ауласын қардан тазартты.

Сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Алғыс білдіру - ең асыл сөз!» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаты өту барысында оқушылар білім нәрімен сусындатып жүрген мұғалімдеріне деген ізгі тілектерін бір парақ қағазға жазып жеткізді. Сынып сағатында оқушылар өз отбасына, ата-аналарына, ата-әжелеріне алғыс білдірді. Оқушылар мұғалімге «Алғысым жүректен шығады» атты бұрышқа алғыс, тілектерін қалдырды.

Мектебімізде сан жылдар бойы қызмет еткен ардагер ұстаздар қауымын 8 наурыз халықаралық аналар мерекесімен құттықталды. Мектебіміздегі ер-азаматтар 8 наурыз әйелдер мерекесіне орай видеоқұттықтау жолдады

4.Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие

Оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында кезекші сынып оқушылары мектебіміздегі Ш.Б.Бейсенбекқызы атындағы "Мектеп шежіресі мұражайы" және Қ.И.Сәтбаев атындағы мұражайға саяхат жасады. Оқушылар мұражайды аралау барысында көптеген тың мәліметтермен танысып, үлкен ұлы сезімге, патриоттық рухқа бөленіп шықты. Мұражайға тек қана қызықтау мақсатында келмей, керемет сезімге бөленгендерін, терең ой түйгендерін бір-біріне айтып, ой бөлісті. Оқушылар үшін осы мұражай тәрбиенің қайнар көзіне айналмақ!

Оқушылардың күзгі демалысын тиімді пайдалану, қызықты өткізу мақсатында 8-10 сынып оқушылары арасында «Мамандық таңдаймыз» атты эссе жазу сайысы ұйымдастырылды. Сайыс шарты бойынша оқушылар эсселерін алдын ала жазып әділқазыларға жіберген болатын. Сайыста оқушылар жазған эсселері бойынша өз ойларын, таңдаған мамандықтары жайлы қысқаша өз таңдауларыңызбен бөлісіп, ортаға салды.

Сайыста оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу үшін мамандықтар жайында ақпарат берілді. Сайыс соңында қатысушыларға "Менің таңдауым-дәрігер", "Мен мамандықтар әлемінде", " Осындай мамандық бар", "Мамандықты таңдайтын уақыт" атты номинацияларымен марапатталды.

Жаңа жылдық мереке қарсаңында "Ең әдемі шырша" тақырыбында 6-7 сынып оқушылары үйлеріндегі мерекелік шыршаларын безендіріп, мерекеге дайындықтарын көрсетті.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында 2-сынып оқушылар арасында қашықтықтан түрлі заттардан жаңа жылдық шырша дайындау жұмыстары берілген болатын. Оқушылар өздері жасаған мерекелік әдемі шыршалардың жасалу процесін видеоға түсіріп, жолдады

Жаңа жыл – бәріне ортақ, бәрінің сүйікті мерекесі. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында, оқушылар мен ата-аналары мектеп алаңында қардан және әртүрлі бояуларды қолдану арқылы ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін жасады. Мектеп ауласын мерекеге орай безендіру 1-4 сыныптың ата-аналар мұз қалашық жасап, оқушыларды бір қуанышқа бөледі. Мүсіндері де биыл өзгеше. Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлері мұз әлеміне жетелей жөнеледі. Ересектер мен балалар олардың жанында суретке түсіп, келе жатқан Жаңа жылды жақсы көңіл-күймен қарсы алуға дайындық үстінде.

Оқушылардың қысқы демалыстағы уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Қылышын сүйреп қыс келді" тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында қашықтықтан сурет салу ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің салған суреттерінде қыс мезгілінің әдемі көріністерін бейнеледі.

Оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қашықтықтан 5-8 сыныптар арасында "Жолда жүру ережесін

естен шығарма", "Өрт болған жағдайда өзінді қалай ұстау керек?" тақырыбында ақпараттық сағаттары ұйымдастырылды. Оқушыларға жол ережесі мен өрттің алдын алу бойынша түрлі ақпараттар мен бейнероликтер көрсетілді.

Көктемгі күннің көзіндей жылы жүзді, тұла бойына сұлулық тұнған, арқаның ажарындай нұрлы келбетті, қызғалдақтай алаулаған аруларымызды көктемнің күлім қаққан шұғылалы мерекесі – 8 наурыз мейрамымен құттықтаймыз! Мектеп фойесі безендірілді.

5. Ұлттық тәрбие

14 наурыз – Амал мерекесі немесе «Көрісу күні». Мереке қарсаңында ұлттық стильдегі жаңа киім үлгілерін көпшілік назарына ұсыну өте маңызды болып табылады. Мұндай сән үлгілерін осы он күн ішінде, Көрісу күнінен мейрамның соңына дейін кию ұсынылады.

Наурыз мейрамына арналған негізгі іс-шараларға сәйкес "Жайлау күні" Семей ядролық полигонының жабылуына арналған сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында оқушыларға Семей полигоны жайында, адамзатқа, табиғатқа тигізген зардабы туралы ақпараттар берілді.

16 наурыз – Наурыз-құндылық немесе «Шежіре күні». «Наурыз бата беру» - елдік тұтастық, берекелі бейбіт өмір, достық пен татулық, ағайынның адал көңіл ынтымағы мен бірлігі, ұзақ ғұмыр, өнегелі жол тілеу, мұсылмандық мұратына ұю, имандылық, әділеттілік, адалдық, елдік пен ерлік, ұлттық намыс, дастарханның берекесі. Бата беруші 7 сынып оқушылары.

17 наурыз – «Тарихқа тағзым күні».

Мақсаты: мектеп жасындағы балалардың санасына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру, оларды ұлттық рухпен тәрбиелеуде, сондай-ақ тарихын білуіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктің арттыру мақсатында ұлттық, тарихи, өлкетану, өнер және әскери музейлерге апару. 4 сынып оқушылары мектебіміздегі Ш.Бейсенбекқызы және Қ.И.Сәтбаев атындағы мұражайға саяхаттады.

18 наурыз – Дархандық күні немесе волонтерлердің қатысуымен «Игі істер күні». Бұл күні әр адам мүмкіндігі келетін бір жақсы іс жасайды. Осы айтулы күн қарсаңында мектебіміздің 8 сынып оқушылары қала тұрғындарына бетперде таратты. Жақсылық жасап жарысайық.

19 наурыз – Наурыз-думан немесе «Шымырлық пен шеберлік күні». Наурызды тойлау декадасының бұл күні ұлттық спортқа арналады. Мектебіміздің спортзалында 5 сыныптар арасында эстафета ұйымдастырылды.

20 наурыз – Наурыз шуағы немесе «Зияткерлік күні». Бұл күні балалардың зияткерлік әлеуетін, ақыл-ойын дамыту мақсатында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, жырлар мен эпостардан үзінділер айтылады.

21 наурыз – Наурыз-береке немесе «Ұлттық тағамдар күні». Бұл күні әр үйдің дастарханында ұлттық тағамдар самсап тұрады. Қазақ ас мәзіріндегі көптеген тағам түрлері әзірленеді. Ал, этнографтардың айтуынша, қазақта тағамның 200-ден аса түрі болған. Ұмыт бола бастаған, кең таралмаған тағамдарды жасаудың әдістері үйретіледі. Мереке қарсаңында мектебіміздің 10 сынып ата-анасы өз қолынан "Наурыз көже" жасалуын жолын көрсетті. Мереке қарсаңында мектебіміздің 11 сынып оқушылары өз қолдарынан "Бауырсақтың" жасалуын жолын көрсетті.

22 наурыз – «Бұқара күні». Таңмен таласа барлығы күн шапағын қарсы алады, одан әрі бұқаралық мерекелік шеруге ұласады. Мереке қарсаңында ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын дәріптеу мақсатында ата-аналарымен 3 сынып оқушылары қолдан жасалған зергерлерлік бұйымдарын таныстырды.

23 наурыз – «Жоралғы күні» (Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие). Бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер айшықталады. Ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңғыртылады, ал барлары заман талабына сай дамытылады. Салт-дәстүрдің, ырым-тыйымдарың адам мен қоғам өміріндегі маңызы түсіндіріледі. Мұндай құндылықтар ұлттық кодты сақтаудың компоненті екені айтылады. Оқушылардың көктемгі каникул уақытын тиімді пайдалану мақсатында 2-4 сынып оқушылар мен ата-аналары өз қолынан сыйлықтар мен кәдесый жасады.

Қ.И.Сәтбаевтың туған күні аясында мектебіміздегі Қ.И.Сәтбаев атындағы мұражайға мектеп оқушылары саяхат жасады. Саяхат барысында ұлы ғалымның өмірі мен еңбек жолы жайында оқушыларға құнды ақпараттар берілді.

6.Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру

24 қазан күні Сәтбаев қаласының білім бөлімінің жоспарына сәйкес "COVID-19 ауруына жол бермеуге байланысты балалардың қауіпсіздігі мен тіршілік әрекеті ережелерін сақтау мәселелері" тақырыбында кезектен тыс онлайн ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп медбикесі Ишанова Г.К Сәтбаев қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 17қазандағы #31 шектеу шараларын күшейту туралы қаулысымен таныстырды. Ата-аналарға жиналыс қалада КВИ таралуының алдын алу бойынша қорғаныс маскаларын кию ережелері жайында ақпараттар берілді. Кезекші сыныптардағы күнделікті сақталынып жүрген санитарлық талаптар жайында, COVID-19 ауруын алдын алу бойынша сақтық шаралары жайында қосымша ақпараттар берілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау, қашықтықтан оқыту жағдайында коронавирустық инфекцияның алдын алу мақсатында 2 А, Ә сыныптарында арасында "COVID-19 індеті жайында білеміз бе?" тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында инфекцияның жұғуы,

таралу жолдары мен белгілері жайында және сақтану жолдары туралы оқушыларға ақпараттар берілді.

«1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні» аясында мектеп оқушылары арасында сурет салу сайысы ұйымдастырылды. Сайыста оқушылар ЖИТС- ті жұқтыру және алдын алу мәселелері, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ойларын суретке түсірді.

«1 желтоқсан Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні» аясында 5-7 сынып оқушылары "Мен ЖИТС-сіз өмірді қалаймын" тақырыбында шығарма жазды. Шығармада оқушылар ЖИТС/АИТВ алдын алу бағытында, қандай қауіпті ауру екендігін, оның қандай жолмен жұғып тарайтынын әрбір адам нақты біліп, терең түсінуі қажет екендігін жазып, ойларын жеткізді.

16.02.2021. «Денің сау болса, бәрін аласың» дене шынықтыру апталығының жоспарына сай облыстық "Өнегелі өмір" жобасы аясында өңірдің үздік спортшысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем Кубогы иегері, ҚР Чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы, А тобындағы Халықаралық турнирлердің екі дүркін жеңімпазы, Азия Чемпионатының күміс жүлдегері, Ұлттық дәрежедегі төреші, жоғарғы дәрежедегі бапкер-жаттықтырушы Тоқтыбаев Қуатбек Жұмабекұлымен кездесу өтті. Атақты спортшы өзіне қойылған сұрақтарға жауап беріп, балалық шақтарын, спортқа келу жолдарымен, бастан кешкен қызықты оқиғаларымен бөлісті. Өз кезегінде оқушылар кездесуден керемет әсер алып, спортқа деген ықыластары арта түскенін жеткізді.

18.02.2021. «Денің сау болса, бәрін аласың» дене шынықтыру апталығының жоспарына сай облыстық "Өнегелі өмір" жобасы аясында өңірдің үздік спортшысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Халықаралық турнирдің жеңімпазы, жаттықтырушы Берікбай Асылхан Болатұлы кездесу өтті. Спортшы өзіне қойылған сұрақтарға жауап беріп, балалық шақтарын, спортқа келу жолдарымен, бастан кешкен қызықты оқиғаларымен бөлісті. Өз кезегінде оқушылар кездесуден керемет әсер алып, спортқа деген ықыластары арта түскенін жеткізді.

8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Адильбеков Н мен Жакеев А 5-сынып оқушылары арасында "Көңілді старт" спорттық-эстафеталық сайыс ұйымдастырды. Сайыстың бөлімдері оқушыларды салауатты өмір салтын насихаттауға, шапшаң қозғалуға бағыттайды. Сайыс бөлімдері оқушыларға қызықты болды.

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Адильбеков Н.Б, Жакеев А.А ұйымдастыруымен " Ер - елінің ертеңі" тақырыбында 9 сынып оқушылары арасында спорттық жарыс ұйымдастырылды. Жарысты ұйымдастырудағы басты мақсаты оқушыларды спортқа деген қызығушылығын арттыру, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды. Оқушылар сайысқа белсене қатысты.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

22 қаңтар. Жастардың арасында парасаттылық идеологиясын насихаттау және терең білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында ай сайын «Адалдық сағаты» республикалық акциясы өткізілуде.

Жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» акциясының аясында «Шәкәрім өсиеті - адалдық айнасы» тақырыбында онлайн форматта Адалдық сағатын өткізілді. Оқушылар Youtube-арнасына жүктелген бейне-дәрісті тамашалады.

24.02.2021. «Қаржы әлемі» қаржылық сауаттылық апталығының үшінші күні «Өнегелі өмір» облыстық жоба аясында «Табыс кілті – еңбекте» атты сыр-сұхбатқа мектебіміздің түлегі, Сәтбаев қаласының жас қаржыгер, «Даму» дизайн студиясының директоры Жангаскинова Шолпан Серікқызы қатысты. Кездесу барысында қаржыгер маман мен оқушылар арасында қаржылық сауаттылық жөнінде мәнді, мағыналы сұхбат жүргізілді.

Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. 1 мамыр Бірлік күніне орай бастауыш сынып жетекшілері Кожабоева Б.Ш, Муханова Ж.Т "Қазақстан- достықтың мекені" тақырыбында қашықтықтан сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарында елімізде тұратын өзге ұлт өкілдері, олардың салт-дәстүрі т.б жайында ақпарат берілді

1 мамыр Бірлік күніне орай мектебімізде 1-5 сынып оқушылары арасында "Дефиле мода" ұйымдастырылды. Дефиле модада оқушылар әр ұлттың ұлттық киімдерін таныстырды.

8.Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбиесі

24 наурыз «Табиғат күні»

Бұл күні экологиялық мәдениетті қалыптастыруға назар аудару керек. Экологиялық білім, қоршаған әлемге деген құрмет шаралар кешені арқылы жүзеге асырылуы керек.

«Менің Эко-Үйім» жобасы аясында пәндік аймақтар арқылы өсімдіктердің алуан түрлілігі мен декоративті өсімдіктерді көбейту жолдарын (биоәртүрлілік) зерттеу маңызды; үйде энергия тұтынудың құрылымы және оны азайту жолдары (энергия үнемдеу); үйде суды үнемді пайдалану мүмкіндіктері (суды үнемдеу); қалдықтардың пайда болу көздері, оларды азайту жолдарын анықтау, қалдықтарды бөлек жинауды енгізу (қалдықтарды басқару). 5 сыныптар арасында ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

14.04.2021. Құстарға ұя жасау – сауапты іс. ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 қайырымды іс» қайырымдылық акциясы аясында №27 жалпы білім беретін мектебінің 3 «Ә», 1 "Ө", 3 "Б" сынып оқушыларының қатысуымен «Құстарға ұя жаса!» ұранымен құс ұялары жасалынып, ілінді. Құс ұялары мектептің ауласындағы ағаштарға орнатылды. Аталған шараның

мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, табиғатты аялай білуге үйрету, құстарға көмек беру. Акция барысында оқушылар өз қолдарымен құстардың ұясын жасап, оны мектеп ауласындағы ағаштарға іліп, құстарға мейірімділік танытты. Осындай игі істер болашақта да жалғасын табатынына сенім білдіреміз!

12.04.2021 "Ғылыми жаңалықтар күні". Бірінші күні кіріктірілген апталықтың ашылуы болып өтті. Сонымен қатар 7-сынып оқушылары "Қ.И.Сәтбаевтың математикаға қосқан үлесі" атты видеороликтермен танысып, жаңа ақпараттармен танысты. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Салауатты өмір салты» тақырыбындағы саяхат ойыны болып өтті. Орта буын оқушылары үшін «Мен - полиглотпын» сайысы ұйымдастырылды.

13.04.2021 "Ғылымға қадам". Апталықтың екінші күні бастауыш сынып оқушыларына арналған «Кім жүйрік?» атты ойындар ұйымдастырылды.

Орта буын оқушыларына «Ғылымдар туралы этюдтер» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Жоғары сынып оқушылары «Болашаққа бір минут» тақырыбында видеоролик түсіріп, сабақ барысында бір-бірімен ой бөлісті.

14.04.2021 "Ғылыми жаңалықтар күні". 9-сынып оқушыларымен Б.А.Баймағанбетова "Флорамен тәжірибелер" тақырыбында зертханалық жұмыс жасап, тәжірибе алмасты. 1-4 сыныптары үшін "Жануарлар әлемінде" тақырыбында виртуалды саяхат жасалды. 8-9 сыныптар арасында С.Б.Шинжирбекова "The smartest" атты викториналық ойын ұйымдастырды.

15.04.2021-V күн. 1-4 сыныптар аралығында сынып жетекшілер "Бәрін білгім келеді!" атты зияткерлік ойындарын өткізді. 5-7 сыныптар үшін Нурова А.М "Жер - менің үйім" тақырыбында плакаттар байқауын ұйымдастырды. 8-9 сыныптар арасында Байгенжинова Ж.К "Welcome to the of Natural Sciences" деп аталатын web парақшалар байқауын өткізді. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін және компьютерлік технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

16.04.2021 - V күн. 1-4 сыныптарда "Қазақстанның табиғаты" атты буклеттер байқауы, "Болашақ ғаламшар" тақырыбында фотокөрме және тұсаукесер ұйымдастырылды. 5-7 сыныптарда "Жер ғаламшарындағы тіршілік" деп аталатын кроссворд сайысы өткізілді.

1-4, 9-11 сыныптар арасында Экологиялық сауаттылық апталығының ашылуы аясында жиын өтті. 1 сыныптар "Қоршаған орнаты қорғау және жердің табиғи ресурстарын дұрыс пайдалану маңыздылығы" туралы анимациялық бейнефильм көре отырып әңгімелесті. 5 сыныптар Экологиялық тақырыпта диктант жазды.

Экологикалық сауаттылықтың 2күні "Эко-білім күні", күн ұраны : "ЭКО -сағат-Қазір баста!" Бекітілген жоспарға сай "Егер Жер алма болса"танымдық ойын, "Жердің температурасы бар"ақпараттық сағат, "Мұхиттар қауіпті жағдайда" презентациялар көрсетілді.

3 сыныптар арасында «Тұрмыстық қаттықалдықтардың бөлек жиналуын насихаттау» сынып сағаттары өтті. 7 сыныптар арасында «Пластмассаны пайдалануды азайту» атты ақпараттық сағаттар болды. 8

сыныптар арасында «Тұрмыстық қаттықалдықтарды бөлек жинау» атты бейнероликтер сағаты өтті.

26-30 сәуір аралығында "Біз болашаққа жауаптымыз" экологиялық білім беру апталығының аясында мектебіміздің оқушыларын қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту мақсатында қашықтықтан "Анамның гүлдері", "Менің үйімдегі гүлдер " тақырыбында фотокөрме жұмыстары жүргізілді. Онда оқушылар күнделікті гүл күтімін, оны қалай күту жолдарын фотоға түсірді

Қоршаған ортаны қорғау өзекті мәселе. Ағаштармен алуан түрлі өсімдіктерді отырғызу, қоршаған ортаны көгалдандыру жұмыстарының маңызы зор.

15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен ата-аналар, оқушылар мектеп ауласына көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Мектеп ауласына түрлі түсті көпжылдық гүлдер мен роза гүлдері отырғызылды.

Өзіміздің тұратын жерімізде өсімдіктерді өсіру, күтіп-баптау, қорғау барлық адамдардың ортақ міндеті.

Мектеп директорының м.а

А.А.Тажимаева

Орынд. ТІЖО А.Е.Икишева